



ХҒТАР 02.11.91

Көшпенді сал-серілерінің халықтық-діни көзқарастары

Ессентугел А. Ази^аСамет Азап^бНурбол А. Садуакас^в^аЛ.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан^бКастамону университеті, Кастамону, Түркия^вҚ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Корреспонденция үшін автор

E-mail:

^аEsentygel73@mail.ru^бsametazap@hotmail.com^вsadu_ngd@mail.ru^а<https://orcid.org/0000-0001-7422-382X>^б<https://orcid.org/0000-0003-4449-8536>^в<https://orcid.org/0000-0002-6195-0048>

DOI: 10.32523/2616-7255-2022-138-1-142-154

Аңдатпа. Көшпенділер мәдени мұрасының, соның ішінде қазақ халқының мәдениеті тарихында «серілік» дәстүрдің маңызы зор. Сал-серілер дәстүрді ұстанған, адамзаттық құндылығы бар, танымдық, тағылымдық мұраларға бай жан-жақты өнер иелері – қазақ даласының рухани келбеті.

Қазақ халқының рухани мәдениетінің басым бөлігі қуғын-сүргінге ұшырап, тыйым салынып, көптеген көрнекті қайраткерлердің, мәдениет пен мәдени дәстүрді жалғастырушылардың есімдері ұмыт қалды. Олардың халыққа қайта оралуы, мәдени өмірге араласуы олар жасаған мәңгілік рухани құндылықтарды тұтас түсіну қажеттілігін тудырады, бұл жалпыадамзаттық мәдениетте өзінің лайықты орнын алуға толық негіз бар.

XV-XIX ғасырлардағы қазақтардың қоғамдық-саяси және рухани өмірінде ауызша поэзияның өкілдері – ақындар, жыраулар, салдар мен серілер орасан зор рөл атқарды. Сал мен серілер өз шығармашылығы арқылы алдыңғы ұрпақ тәжірибесінің қайталануын жинақтап, халықтың рухани тәжірибесінің байланыстырушы бастамасы болып табылады.

Сал мен сері қоғам қайраткері ретінде болашақты алаңдай отырып, барлық билікке – олардың байларына да, отаршылдарына да дұшпанға айналды. Прогрессивті көңіл-күйді білдіретін, моральдық-этикалық, әлеуметтік-мәдени, философиялық және тарихи идеялар мен танымдарды өз шығармаларында жаңаша бейнелейтін сал-серілер халық мүддесін қорғаушы қызметін атқарды.

Сал-серілердің көркем мұрасы шығармашылықтың ерекше түрі болса, олардың бейнесі ұлттық менталитеттің жарқын бір көрінісі деуге болады.

Мақалада ұлт мәдениеті, сөз өнері тарихындағы сан алуан өнерді бір басына тоғысты-

рган, яғни ақындықты, әншілікті, композиторлықты, импровизаторлықты, шешендікті шебер де мінсіз меңгерген қазақтың сал-серілерінің шығармашылығы тарихи-мәдени, әдеби деректер негізінде қарастырылады.

Ұлт әдебиеті тарихындағы сөз шеберлерінің ғылыми-шығармашылық еңбегі, тіл мәдениеті, көркемдік ойлау жүйесі, ұлттық рух пен сана, ұлттық-рухани құндылықтары философиялық тұрғыдан баяндалады.

Түйін сөздер: қазақ мәдениеті; көшпенділер; серілік; сал-серілер; қазақ дүниетанымы; дәстүр; әнші; жыршы.

1. Кіріспе.

Қазақ елі көне түркі халықтарының бір тармағы. Тамырын сақ, ғұн тайпаларынан, түрік қағанатынан тартады деген тұжырым айтады ғалымдар. Скиф тайпасының ғұламасы Анахарсис «Көк аспанда күн күймесі қалай еркін қозғалса, сайын далада скиф керуендері де солай еркін көшіп-қонады» [1] – дегенін ескерсек 1920 жылдарға дейінгі қазақ халқының тұрмысы көз алдымызға келеді. Кеңес өкіметі орнағанша, тіпті, одан да соң біразға дейін көшіп-қонып ғұмыр кешкен қазақ елі үшін табиғаттан аялы ештеңе болмайтын. Табиғат ананың төсін еміп, төрін еркін жайлады. Сондықтан да мәдениеті, өнері соған қарай қалыптасты. Олар, көнеден келе жатқан бабалар жолын қатты ұстанды. Өздеріне тән жазылмаған дала заңын тұтынды. Дала заңы өте қатал болатын. Сондықтан көшпенділер өмірінің ғұрпы дараланып тұрды.

Көшпенділердің мәдениеті де сан ғасырлар қалыптасып, өркендеген. Еуразия кеңістігінде көшпелі өркениеттің дәстүрлі мәдениеті өнердің уақыттық түрлері, яғни, поэзия және музыка өнерлері қалыптасты және ол басты орын алады [2, 149 б.].

Қай ұлттың, халықтың болмасын өнері сол жұрт жаралғалы туындаған. Шыңжаңдық Қытай тарихшысы Н. Мыңжани «Қазақтың көне тарихы» атты еңбегінде қытайдың «Тайпин Хиуаниуйжи» топтамасының «Түрік шежіресі» атты тарауындағы деректерге сүйеніп: «түріктер бие сүтінен жасалған қымызды ішіп алған соң, ән шырқап бір-бірімен өлең айтысады. Күні бүгінге дейін жалғасын үзбеген біздегі ақындар айтысының осыдан мың жылдар бұрынғы Батыс Түркі қағандығы дәуірінен бері келе

жатқан дағдылы дәстүр екенін байқаймыз» – деп жазған [3, 78 б.].

XIX ғасырда сал дәстүрінің түр ерекшеліктерінің ғана кейбір элементтерін сақтап қалған Біржан секілді жаңа сапалы салдармен қатар, серілер тобына жататын Ақан сияқты өнер иелерінің пайда болуына және осы кезде «сал», «сері» деген ұғымдардың бір тектес ұғымдар есебінде пайдалана бастауына қарағанда, сал, серілер творчествосы мен дәстүрлерінің тығыз ішкі байланыстылығына қарағанда, серілер сал типінің негізінде өткен ғасырда қалыптасқан өнер иелерінің жаңа түрі деп айтуымызға болады. Генезисі жағынан алғанда, серілер ыдырай бастаған кұпия одақтар мүшелерінің соңында жүріп, олардың ойындары мен билеріне қатысқан «фанаунау» секілді серіктерімен тамырлас болғанға ұқсайды. Серілердің жүріс-тұрыстары мен репертуарларында оларды салдардан спецификалық айыратын элементтер жоқ. Алайда салдар творчествосына тән негізгі сарындар – богема сарындары өз дамуын серілер поэзиясынан тауып отыр» [4, 125 б.]. Ендеше, сал-серілер – музыкалық шығармаларды, ән-күйді қазақ даласында өркендетіп, таратушы өнер иелері. Олардың ерекше қасиеті – ақындығы, әншілігі, күйшілігі, елді ән мен сәнге бөлейтін, адам жанына ізгілік нұрын себетін зиялылығы.

Қазақ халқының өзіне ғана тән ұлттық өнерлерінің бірі – серілік дәстүр. XIX ғасыр белесінде айрықша көзге шалынар хас өнердің қайнарын көрсету мақсат. «Сері» деген атқа ие болып, көшпенді жұрттың өнер көшіне өзгеше рең берген, түрлі өнер иелерінің қазақ мәдениетіне қосқан үлесін айқындау қажет.

Алтын Орда, Дешті Қыпшақ заманындағы тарихи болмысымызды баяндайтын

«Қырымның қырық батыры» атты батырлар жырының топтамасының осы аймақта ғана тұтасымен сақталып, атақты Мұрын Сеңгірбекұлы жыраудың аузымен біздің заманымызға жетуі де кездейсоқтық құбылыс емес. Ежелгі ноғайлы заманындағы Сыпыра жырау осы өлкеде туып, өмір сүріпті деген мәлімет бар. Демек, Абыл, Нұрым, Ақтан, Қашаған, Аралбай, Сәттіғұл, Зәкәрия, Сүгір «қаһармандық жыраулық мектебінің» бүгінге дейін мұрты сынбай жетуінің де тамыры тым тереңде [5, 9 б.].

Тарихи-археологиялық мәліметтерге сүйенген Е.Тұрсыновтың зерттеуінде андронов дәуірі кезеңінде, б.з.б. XIV-XIII ғасырларда, ру, тайпалардың өз ішінде отау құрып, даралау болған. Үлкен отаулар рудан бөлініп, аруақтарды қастерлеу, ас беру салтын ұстанған. Бұдан шығатын қорытынды сал және сері типінің пайда болуы мифологияның жаңғыруы нәтижесінде «даралану», яғни, құпия одақтардың, тотем-ру атасының болуы тәркінінде жатса керек.

Зерттеуші Е.Тұрсынов «сал» мен «серінің» кейде қатар айтылатынын, серілер салдардан кейін пайда болған богема сарындарын жырлаушы өнерадамдары деген қорытындыға келеді.

Сал-серілер тұлғасынан олар өмір сүрген кеңістік – қазақтың ұлы даласын, өзгеге ұқсамайтын төлтума мәдениетті, ұлттық болмыс тұтастығын көруге болады. Бұл ретте ғалым Ш.Ыбыраев «Уақыт пен кеңістік ұғымдарының дәстүрлі ұлттық сипатта, алдымен фольклорда сақталатыны айтып, көркемдік ойлаудың тарихынан уақыт пен кеңістік туралы ұғымдардың қалыптасу тарихын бөліп алуға болмайтынын ескертеді» [9, 14б.].

XV-XVII ғасырлар арасында қазақтар жан-жағындағы этностармен соғысып келді. Соғыс тәртібі далалық қағидамен өтетін. Бұл замандарда жыраулар үлкен роль атқарған. Жыраулар соғыс тұсында уытты толғауларымен мыңдаған әскерге рух берген болса, бейбіт күнде өзінің даналығымен, абыздығымен, өткірлігімен ханға да тіке сөйлеп, қарашаның қамын ойлаумен жүрді. Көпшілік жырауларды сол үшін де ерекше

қастерледі. Қалың жұрты жырауларды төбесіне көтере құрметтегенін көрген хан да көп жағдай да оларға қарсы келуге именсе, бір жағынан жыраулардың дана ойына сүйенді. Қиын-қыстау шақтарда жырау абыздар ханға тыңнан ой салып, жөн сілтеп отырды. Сонысымен де олар қадірлі еді. Жыраулар тек абыз, дана, ақын ғана емес сонымен қатар олар жауынгер, батыр тұғын. Мұны Ақтамберді жыраудың:

Жауға шаптым ту байлап,
Шепті бұздым айғайлап.
Дұшпаннан көрген қорлықтан
Жалынды жүрек қан қайнап,
Елді-жұртты қорғайлап,
Өлімге жүрміз бас байлап!

– [10, 196 б.] деген сөздерінен аңғаруға болады. Жыраулар ерлігімен қоса жауынгерлердің рухын көтеріп, жігерлендіріп отты жырлар төгіп, күш-қуат берді және өздері де майдан ортасында шайқасты. Бір қолына қылыш, бір қолына домбыра ұстаған жыраулар алғы шепте тұрып, сарбаздардың көкірегіне өлең сөзбен тау қопарар екпін құйды. Әбден рухы асқақтаған қалың шерік жолындағының бәрін тапап өте берді.

XVIII-XIX ғасырларда ақын-жыраулар – көшпенділік мәдениеттің синкреттік тұлғасы, халық әдебиеті дәстүрлерін сақтаушы һәм қоғамда әлеуметтік пікірді жеткізуші қызметтерін атқарған. Поэзиялық шығармаларын әуенге қосып, қобыз немесе домбыра сияқты саз аспаптарының сүйемелдеуімен орындағаны да белгілі. Тарихта өзіндік суреткерлік болмысымен есімін таңбалаған сондай өнерпаздар шығармашылығы құнды дүниелер екені даусыз. Олар – этностық мәдени генофондымызға айтулы үлес қосқан тұлғалар.

Сондай-ақ, ертедегі бақсы-жыраулар дәстүрін жалғастырушы әнші-ақындардың, сал мен серілердің шығармашылығының да мәдениеттанудағы тәрбиелік орны, фольклорлық мұраларымызды бүгінгі күнге жеткізудегі үлкен еңбегі айтуға тұрарлық жағдай және олардың әс-әрекеттері мен

мұралары ұлттық болмысты қатайтатын, ұлтымыздың келбетін көрсететін жарқын дүниелер.

2. Зерттеу әдістері.

Ғылыми мақалада тарихи-мәдени сабақтастық қағидалары, жүйелі сараптама, компаративистика және констеляциялық әдістер қолданылды. Қазақ мәдениетінің өнері, серілік дәстүрі көшпенділік тұрмысқа сай кескінінен отырықшылық келбетке ауыса отырып, халық өмірінің энциклопедиясына, кейінгі ұрпаққа ақпарат беру кешеніне айналғаны айтылды.

Көшпенділер мәдениетінің ақындық-әншілік өнері басқа мәдениеттердің ұқсас үлгілерімен салыстыра отыра талданып, басқа да түркі халықтарының қазақтың мәдениеті мен өнеріне әсері, олардың ұқсастығы көрсетілді. Көшпенділер мәдениетінің, өнерінің, әншілік-жыршылық дәстүрінің ерекшеліктері жүйеленіп, ақындық өнердің, әншілік жанрдың көпшілікке ықпалы, әнші-ақындардың (серілердің) топтасып серуен құра халық аралауы, яғни, «көшпелі театрдың» далалық жұрттың психологиясына, әлеуметтік маңызы жіктелді.

Мақалада көшпенді қазақ халқының мәдениеті және өнерінің қалыптасу кезеңі мен тоқырау тұсын қамтығандықтан қазақ мемлекетінің ежелгі тайпаларға қатысы қарастырылып, Геродоттан бастап деректер алынып, адамзат тарихында бұрын-соңды өмір сүрген батыс-шығыс ғұламаларының еңбектерінен мәліметтер келтірілді. Сақ ғұламасы Анахаристен хакім Абайға дейінгі аралықтағы көзге іліккен ақпарлар қолданылды. Кешегі өткен, бүгінгі таңдағы әлемге белгілі тұлғалар мен зерттеушілердің зерттеу әдістері бағытқа алынып, мәдениет, философия саласына еңбегі сіңген, қолтаңбасы қалған Э.Кенни, Д.Джонсон, А.Барнард, Д.Агамбен, С.Тер-Минасова, С.Холл сынды ірі ғалымдардың еңбектері мен зерттеу әдістері пайдаланылды.

Сондай-ақ, отандық философ, филолог, музыкатанушы ғалымдардың еңбектеріндегі идеялар мен әдіснамалық әдіс-тәсілдер

басшылыққа алынды. Данышпан Әл-Фараби, Ж.Баласағұннан бастап, қазақ мәдениетін, музыкалық мұрасын, әнші-ақындар (сал-серілер) шығармашылығын, зерттеуге үлес қосқан А.Затаевич, Б.Ерзакович, А.Жұбанов, А. Сейдімбек, Т. Әсемқұлов, Ш. Ыбраев және т.б. ғалымдар еңбектері, ғылыми зерттеулері қаперде ұсталып, еңбектену барысында қажетіне қарай қолданыс тауып отырды.

Мақалада талдама, салыстырмалы талдау, мәтінді таратып жазу, сал-серілер мен қазақ мәдениетіне тарихи деректемелік материалды айқындау тәсілдері қолданылды.

3. Талқылау.

Біз қарастырғалы отырған Қазақстанның батыс аймағында, яғни Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе өңірі серілік құрып өткен өнерпаздар аз болмаған. Қазақ халқының әмбебап өнерпаздарының атауы – «серілік» дәстүрдің ерекше көріністері және өзегі үзілмей ХХ ғасырдың 30-шы жылдарына дейін ұласты.

Қазақ жұртының көне мәдени мұраларының бірі – сал-серілік дәстүр. Киіз туырлықты, көшпенді жұрттың арғы-бергі мәдениетінде сал-серілердің өзіндік орны бар. Бұл, ел ішінде бұрыннан белгілі атау болса, кейінгі ғалымдар көзімен де зерде көрген ұғым. Кейінгі дәуірде «Сал-сері» десе әр қазақтың көз алдына әсем киінген маңғаз, келбетті кербез адам елестейтін болды. Әріде паңдығымен қоса үлкен өнер иесі, «сегіз қырлы, бір сырлы» жанды айтар еді. Бағзыда өнері мен бекзаттығына үстемелеп батырлығын дәріптеген де сияқты. Яғни, «сал-сері» дегеніміз – бойына талай өнер тоғысқан ақын, әнші, жыршы, батыл да алғыр, паң, сырбаз, аңшы, мерген, сейіс, найзагер, әсемшіл, көңілді, шешен жігіт. «Осынша өнер түрлері бір адамның бойына қалай бітеді?» – деген күмәнмен қарауыңыз заңдылық.

Италия ойшылы Джованни Пиконның: «Адам – қандай ғажап туынды! Ақылы қандай ғажап, қабілеті қандай шексіз, пішіні мен қозғалысы қандай айқын әрі ғажап, ал әрекеті періштенікі іспетті, түсінігі Құдайдай, ол – әлемнің сұлулығы, жануарлар дүниесінің эталоны» [8, 150 б.] – дегені өте оңды пікір.

Адам баласы қай нәрсеге де епті. Жалқаулығын жеңіп, жастайынан машықтанса түрлі өнеркәсіпті дөңгелетіп әкететіні сөзсіз. Тек, күнделікті, қалыпты дағды керек. Әнші, ақындардың, серілердің өмірлік ұстанымы ізгілік, имандылық.

Негізі адам баласы өмірге ізгілікті, қарапайымдылықты, адамгершілікті, кісілікті арқалап келеді. Қатыгездік пен жауыздықты, сұмпайылық пен аярлықты көре бара үйренеді.

Сал мен серінің тарих сахнасына шығу дәуірін ғалымдар әріге сілтейді. Бұл тақырыпқа қазақ зиялыларының ішінде қалам тартқандары біршама. Ә. Марғұлан, Е. Ысмаилов, С. Қирабаев, Қ. Сыдықов, С.Негимов, Т. Жұртбай, Т. Әсемқұлов және т.б. белгілі ғалымдар зерделесе, М.Мағауин («Көкбалақ» романы), С.Жүнісов («Ақан сері» романы) сияқты қазақтың көрнекті жазушылары көркем шығармаларына арқау еткен. Е. Турсунов біраз ұлттардың серілікті серік еткен өнерпаздарымен салғастырып, ұқсастық іздейді және «сал», «сері» атауының шығу тарихын тереңнен тартып, серілік дәстүрдің қыры мен сырына үңіліп, оларды рухани әлеммен астастырып, бағзыдағы жауынгер топқа шенеп, ұлы даланың мәдени феномені ретінде қарастырады.

Үрімжілік ғалым Я. Құмарұлы «сал», «сері» атауларының этимологиясына ерекше тоқталып, қытай мұрағаттары деректеріне сүйеніп, тым әріге құлаш ұрады. Сақ дәуірінен шым тартып, көңілге қонымды тарихи шолу жасайды [9, 38 б.]. «Салдық салттың ежелден халықтың дағдыланған дәстүрлі ісі екендігін айта келіп, ғұлама Ә.Марғұлан: салдықтың соңғылары Біржан мен Мұхит сал дегенге саяды. Сал мен серінің өзгешелігі олар, әрі ақын, әрі әнші, әрі күйші, әрі сауыққой, елге қуаныш беретін, олардың жүрегіне жарық сөуле түсіретін оқымысты адамдай саналады» – дей келе, түрік қағанаты кезеңіндегі Иоллық Тегінді «серілікті әдеп қылған ойшыл кісі» – деп көрсетеді. Осылайша тарих ақпарларынан сыр ақтарып: «Қыпшақ даласында серілік пен сал өнерін таратқан майталмандарының бірі – Жошы хан. Ол қасына атақты жырауларды, ақындарды, сал-серілерді, әнші-күйшілерді

топтап, бірыңғай сауық үстінде жүреді екен. Оның серілікті жақсы көруі сонша, әкесі жыл сайын Балқаш төңірегіндегі Құлан-ойнақ даласына әдейі аң аулауға келгенде қыпшақ елінің «сыйы» деп, оған он мың боз ат, он мың қара ат тарту етіп отырған. Жошының аңда жүріп көп шыққан биік жері Ортаудың сұңқар ұя салатын ұшар басы. Ол жерді Жошы ерекше қадірлеген, сұңқардың ең алғырын осы арадан ұстайтын. Ол биік шыңды қазақтар осы күнге дейін «Жошының қиясы» деп атайды. Оның серілік өмірінен туған атақты күй «Ақсақ құлан», «Жошы хан қазақтардың есінде осы күнге дейін сақталған» [10, 174 б.].

Ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы ғалым Ә. Марғұлан жазбалары біраз маңызды ақпарларға қанықтыра отырып, Кіші жүздің серілері көбіне сыбызғы қолданатынын, олардың кісі жиып, сыбызғы тартып отырғанын орыс өнерпаздары әр уақытта қағазға түсіргендігін айтады. Жайық бойының атақты серілерінің бірі халық аузында аңызға айналған дарынды ойшыл, атақты композитор Мұхит Мералиевтің (1806 жылы туған) ғұмыр жолына зере сала: «Маңғыстаудағы адайлардың аяулы күйшісі Абыл Тарақұлы (1750-1822). Жаратылыс оны берік қылып жасаған. Ол мықты балуан, атқыш мерген, ат сейіс, аңшы. Барлығы серілерде болатын қасиет. Абылдан кейін Маңғыстауда талай атақты күйшілер болды, солардың ішінен жеке дара тұратындары Лекер, Жоламан, Есір, Өришан, Өскенбай, ең ардақты күйші әсіресе Өскенбай Қалмамбетұлы (1860-1925). Өскенбай – күсбегі, мерген, зергер. Серілерде болатын әдет. Шығарған күйлері Ақан серінің «Құлагері» сияқты аяулы атына арналған күйі «Жирен жорға», «Ақ желең» атақты күй» – дейді [11].

Осы, Қалмамбетұлы Өскенбай Батыс өңірінің белгілі дүлдүлдері, мырза халқының ырза көңілінен туған «Жеті Қайқы» деген атаулы жетеудің бірі еді. «Қайқы» деген кім? «Қайқы» сөзі «сал», «сері» деген ұғымда айтылады. Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе даласында бұл атау ауызға жиі алынады. Көкірегі көнеден шежіреге қаныққан әнші, жыршы Ізбасар Шыртанов бүй дейді: «...еркек

сал-серіні – қайқы, ал әйелдің серісін – сәйкі дейді, «қайқы» деген солай – сал-сері деген мағынаны береді» [12, 45 б.]. «Жеті қайқы» – әнші, жыршы, күйші, ақын, композитор – бойына бірнеше өнер тоғыстырған жеті өнерпаз. Ел арасындағы жеті бұлбұлды жұптап: «Жеті қайқының әнінен қозғап жібер», «Жеті қайқыдан сал» деген қолқалауларды да құлағымыз шалған. «Жеті қайқы» – бойына бірнеше өнер сыйған жеті өнерпаз – Әділ Өтеғұлұлы, Жылкелді Теңізбайұлы, Өскенбай Қалмамбетұлы, Шолтаман Байсарыұлы, Тастемір Шыршығұлұлы, Тұрсын Алдашұлы, Досат Бәймембетұлы секілді дүлдүлдер. Жетеуі бірге жүріп, ел аралап, өнер көрсетіп, көшпенді жұрттың көңілін ән-жырмен аулаған.

«Жеті қайқы» Көкжар (Ойыл), Қарақамыс (Ақтөбе даласында), Орынбор базарларында жиі болып, қарашаны сүбелі сөз, сазды әуен, сұлу өнерлерімен талай сусындатқан. «Түрік халқы құрымасын, құрбан болмасын!» – деп үстіндегі Тәңірі айтқан еді» [13, 5 б.], – деген нақылды Махмұт Қашқари бекер айтпаса керек. Сонау түркі қағанаты дәуірінің абызы Иоллық Тегін мен кешегі Жеті Қайқы, Ақан сері, Біржан салға дейінгі аралықта өзегі үзілмей келген серілік дәстүрдің ғажайып құбылыс екенін терең ұққанымыз абзал.

Классик жазушы М. Мағауин: «...қазақтың ескі заман, көне рухани өміріндегі өзіндік сыпаты мол арнаның бірі – салдар мен серілер өнернамасы болды. Сал мен сері – суырыпсалма ақын әрі сыршыл композитор, оның үстіне әсем де асқақ дауысты әнші болуы шарт еді. ...бұл тұрғыдан алғанда оларды сақараның артистері деуге болады» – дейді [14, 256 б.].

Бұған келгенде салдардың, серілердің қызметі орындаушылық және композиторлықпен шектелмеді, олар көркемдік баяндаудың барлық түрін – поэтикалық импровизация, шешендік өнер, нәзік вокальдық техника, музыкалық аспаптың құлағында ойнау, театр мен цирктік өнер ойынының элементтерін қамтиды, бұған қарағанда олардың Батыс Еуропаның орта ғасырлық музыканттары – жонглерлер, трубадурлар, труверлер, мейстер –

миннизингерлермен ұқсастығы бар екендігі айқындалады [16]. Жалпы, мұндай ерекше өнерпаздар қай елде де болған. Олардың бір өзгешелігі, бұлардың бәрі шынайлықты, әсемдікті, адамгершілікті, еркіндікті жырлаған.

Қазақ даласының сері перзенттеріне тән қасиет ерлік, өр рух, еркіндік. Олар қай заманда да еркіндікті, азаттықты аңсап күн кешкені аян.

Серілерді, қанша қамап ұстасаң да, олардың ой-қиялы еркін шалықтап, қырандай қалықтап жүреді. Еркіндікті көксеп, ізгілік, адамгершілікті аңсаған ерлер қолдарына аспабын алып, ел аралап, дала кезіп, көпшілікке қуат-жігер береді. Оларын өздері байқамауы да мүмкін, бірақ сырт көзге солай көрінеді. Яғни, «Еркін адам дегеніміз – өз қалауымен, өз заңдарымен өмір сүретін адам» [17]. Азаттықты тілеп отырған жұрт содан соң оларды құрметтеп, әрі өнерлеріне сусындап, тамашаға батады.

Мысалы, қазақтың серілерінің көбі осы өлең әрекеттері үшін түрмеге қамалған. Бостандығынан айрылған. Ресей империясының отарында отырып, қыспақ көріп жатқан халқына бағыт бергені үшін ғана. Олардың мақсат-мүддесі ағайын-туысын, төңірегіндегі өзін бағалайтын жұртты өркениетке жетелеу болған. «Ізгіліктің табиғаты мен маңыздылығы адам тіршілігінің жалпы мақсатынан көрінеді...» [18, 330 б.] – дегенге құлақ түрсек, серілердің мақсаты айқын көрінеді.

Елін бірлікке, өркениетке бастаса, жаңашылдыққа тартса, олардың осынау ізгі насихаты ежелгі грек философтарының «оқытудың негізгі мақсаты – ізгілік тарату» – деген қағидасы «ізгілік», «кемел адам» дегеніне саяды [18, 44 б.].

Осы кемел адам мен салыстыруға келетін тағы бір теория «кәміл адам» теориясы десек Ибн Арабидің «Дүниедегі істің бәрі адамға қатысты, бірақ бұл білімді білуге тиіс болған кезде ғана біледі, оны білуші – кәміл адам. Мұны білуге болмайтындар білмейді, ол – хайуан адам» деуінің мәні жоғары [18, 27 б.]. Яғни, «Кәміл адам» ғалымның дүниетанымында мистик, яғни тылсым

күштер барын сезуші ерекше жан. Мұндай қасиет адамға жоғарыдан беріледі.

Түркілердің ұрпағы қазақтар да ата-бабалары сияқты еркін оймен өмір сүрді. «Ислам дінін қабыл алған түркілер ескі, дәстүрлі идеологияны мүлде ысырып тастамай, жаңаша түрлендірді [19, 134 б.]. XIX ғасырдағы қазақтар мұсылман дінінің бір тармағы сопылық бағытты ұстанғанын ескерсек, біздің айтып отырған адамдар да сол бағытта болғаны хақ. Сопылықтың ұстанымы да имандылық, ізеттілік, адамдық, адалдық. Бір өзгешілігі олар рухани тереңдікке шақырады. Соған тәрбиелейді. Сопылықтың негізі бойынша пендені жаратқан Алла, ендеше оны алатын да Алла. Не болса да Алланың қалауымен келеді. Сондықтан қудалау көріп, түрмеге қамалып жатқан серілер «бұл да Алланың жазуы» деп қабылдайды және соған тәубе қылады. Бұл, шариғаттағы жаратушыға кәміл сенушілік. Не келсе де құдайдан деген наным. Ол, заманда қазақтар шариғаттан аттамаған. Ішкі мәдениеті сондай мықты қалыптасқан. Яғни,

Төңіректегі болып жатқан өзгерістердің, құбылыстардың бәрін жүрекпен сезініп, қабылдайды. Ғұлама Әл-Фараби: «Жүрек – басты мүше, мұны тәңнің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес» – дейді [20].

Қазақ серілерінің әндерін кейінгі кейбір ғалымдар құмарлыққа бағытталған деп байлам жасайды. Біздің ойымызша, бұл да адами сезімнің бір түрі. Жас, өнерлі, сұлу жігіттің құштарлыққа қашанда хақы бар.

XIX ғасыр соңы мен XX ғасырдың бірінші ширегін қарастырсақ салдық, серілік деген нәрсе тек қазаққа ғана тән секілді. Сал-серілер жолы қайнарын бүгінгі қазақ жерінен алып, қазір де осы далада жалғасын тауып жатқандай көрінеді.

Зерттеушілер сөзіне құлақ ассақ, сонау сақ-ғұн дәуірінен шеру тартқан сауықшыл керуеннің әуел баста әскери-сарбаздар жасағынан бастау алғанын аңғартады. Жаугершілік кезеңде қанды ұрысқа кірер алдындағы қалың қолдың көңіл толқынысын басып, рухын көтеріп, ұрандата кернейлетіп-

сырнайлатып, арандай ажал ауызына сескенбей атойлап, тура шабатын ерекше әскери топтар болса керек. Нояндар тобы. Бұл шерікке кез-келген адам мүше бола алмайды. Мерген, найзагер, қылышкер, садақшы, аттың құлағында ойнайтын епті жауынгер қабылданады. Сазды әуенге де үйір. «Білікті, есті ерлер керек ержүрек, қазына керек тарататын елге ерек» [4, 59 б.] – демекші, осы топты серіліктің алғы көрінісі деп есептеуге болады. Майдан тұсында ұйысқан ұранды шерік, жайбарақат мезгілде де жұптарын жазбай сән құрып, дулы қалпын бұзбай жүретінге ұқсайды. Басында топқа қосылудың түрлі шарттары болған болса, келе-келе өздігінен сұрыпталып, өңшең өлермендер құрамы қалыптасатын күйге жеткен. Кереметі сол, көне күндердегі кербез үрдіс заман ағымымен ішкі-сыртқы сипаты сәл өзгерістерге ұшырағаныменен, өзегі үзілмей бәз қалпында кейінгі ғасырларға жетуі еді.

Салдық – дәстүр, серілік – серпін. Бұл ойымызға көптеген дәлелдер келтіруге болады. Мысалы: табылып жатқан алтын адам сұлбасы соның бір айғағы.

Жалпы мәдениет тарихына зер салсақ, серіліктің тұма-басы қазақ даласы екені белгілі. Қай халықта болмасын серілік пен ерлік үзеңгілес жүрген. Ал, осы сал-серіліктің түбі жылқы малына қатысты. Ежелде, жылқы-сәйгүлік батырдың жан серігі, жолдас-досы, көлігі, жауға шабар қуаты, алысса қайраты, жарысса жүйрігі, тіріде тамыры, көрде де жарығы.

Жылқының алғаш қолға үйренуі қазақ даласы деп саналады. «Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді» [26].

Жылқыны баптап, әсемдеп, сұлуландырып міну күні бүгінге дейін бар. Батырлар жырының бәрінде қаһарман кейіпкер мен қабат оның тұлпары өсіп, оған «түтікпенен су беріп, түндікпенен күн беріп», қажет тұсында жануарға тіл бітіп, батырға жөн сілтеп отыратын ақылманға айналып та жүреді. Тарихтың атасы Геродот сақтар жайында: «Найзаның, жебенің, айбалтаның ұшы мен

жүзін жезден жасайды да, дулығасын, белбеу мен кісесін алтынмен аптайды. Олар аттарына жезден өмілдірік-қап кигізеді. Жүгенін, ауыздығын алтынмен жалатып, өрнектеп қояды» – депті [21].

Бұл үрдіс сақтардан ғұндарға, одан түркілерге ұласқан. Тұлпарларының кекілін, жал-құйрығын әсемдеп өріп, тоқым-жонасына дейін ерекше әспеттеп, құйысқан-өмілдірігін де өрнектеп тастау, оған сәнді шашақ, түрлі әшекей тағу секілді көріністерді сол заманнан жеткен жәдігерлер мен таста таңбаланған суреттерден көруге болады. Демек, біздің арғы бабаларымыздан жеткен өнеге. Жалғыз сәйгүлігін емес, қару-жарағы мен сауыт-сайманын безендіріп киінгені де даусыз. Бұған және бәрінің қолы жете бермесі ақиқат. Жоғарыда айтып өткен ерекше нояндар тобы осыған сай. Солардың заңды жалғасы кешегі жыраулар мен Біржан сал, Мұхит сал, Ақан сері, Иманжүсіп, Мәди Бәпиұлы, Балуан Шолақ, Жеті қайқы, Зәкәрия, Сары Батақұлы, Қызыл сері сынды болмысы бөлек өнерпаздар деп түйеміз.

Бұлардың бәрі жоғарыда атап өткеніміздей тұстас ғұмыр кешіп, Ресей империясынан, қала берді, серінің асқақ рухын түсінбеген өз халқының шен құмар атқамінерлерінен зорлық көріп, ақыры трагедиямен аяқталған асыл азаматтар.

Мысалы, Қазақстанның батыс өңірінде Ақтөбе даласында XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Зәкәрия Сағындықұлы (1890-1933) деген ақын, әнші, жыршы өткен. Серіліктің бір қыры саяткерлігі, атқұмарлығы – яғни, тұлпар баптап, топ жаруы. Зәкәрия да жүйрік баптап, талай ірі астардың жеңісін қанжығаға өңгерген атбегі болған. Замандасы, әрі туысы Талпақ екеуінің баптаған тұлпарларының топ жармаған кезі сирек көрінеді. Талпақтың «Көгі», Зәкәрияның «Шұбары» қосылған аламан жүлдесінің өзгелерге бұйырғаны шамалы деседі. Бұл жерде Талпақтың да, Зәкәрияның да ат таңдауына еріксіз бас шайқайсың. Зәкәрия Шұбар атты аулына келген нағашысының астынан көріп жата жабысады.

Зәкәрия серінің көзін көрген қарттардан естіп қалғанын Аққожа ақын былайша

жырлайды: «Зәкәрияның нағашысы Бекше бір бәйгеден жүлдемен оралып, жолда апасына сәлем бермек оймен жиенінің үйіне соғады. Нағашысының астындағы атты көрген Зәкәрия жата жабысады. Оған, қалағаныңды тауып берейін, маған Шұбар атыңды бер деп қолқалайды. Кім жүйрігін бергісі келеді дейсің, нағашысы келіспей өз жөніне кете барады. Салы суға кеткен Зәкәрия үш күн бойы нәр татпай жатып алады. Бірер күн баласының қасқабағына қарап отырған анасы: «Құлыным, саған не болды? Бір жерің ауырып жатыр ма? Үш күннен бері асқа жақындамадың ғой», – дейді. «Шеше, менде нағашы, сенде бауыр жоқ екен», – деп шорт кеседі. Мән-жаймен толық танысқан шешесі үн-түнсіз үйден шығады да, сыртта байлаулы тұрған қара жорғаға мініп алып, шаба жөнеледі. Сол шапқан күйі Жем өзені бойында алаңсыз кетіп бара жатқан інісін қуып жетіп: «Балама Шұбар атыңды беріп, қалағаныңды ал. Болмаса, мені осы жерде өлтіріп кет, екінің бірін таңда» – дейді. Інісі қайта келіп, жиеніне: «Қойларыңның ішінен төрт жүз ісек бересің, оның екі жүзі қара, екі жүзі қызыл болсын» – деп шарт қояды. Зәкәрия қойларының ішінен бар болғаны жүз елу-ақ ісек шығады.

Ат десе ішкен асын жерге қоятын Зәкәрия дереу рұлас ағасы Талпақ Жұбанұлына кісі жіберіп, екі жүз елу қоспасыз ісек тауып беруін өтінеді. Талпақ лезде екі жүз елу ісек тауып, бұған айдатып жібереді. Осылайша Зәкәрия нағашысынан Шұбар атты қалап алады. Шұбар ат Зәкәрияның пырағы болады. Бұл оқиға жігіттің жылқыға құмартып қана қоймай, оның тұлпарды тұлғасынан танитын көкіректегі серілікке тән сәулесін аңғартпай ма?

Осынау Шұбар аттың талай аламанның алдын бермегені бізге жеткен ақпарлардан белгілі. Осы оқиғадан кейін ел аузында Зәкәрияға әзілдеп шығарған: «Баласы Тұрғанияның өңшең қаққан, Айрылып бір мың қойдан Шұбар баққан» – деген өлең кең тараған. Ол байлық қумаған. Оған мысал: Арғы атасы Жұбанның баласы Шамға 1922 жылы алты жүз үй тігіліп, бас бәйгеге елу жылқы бөлініп үлкен ас беріледі. Осы аламанда Шұбар жеке келеді. Бірақ ақын бәйгеге тіккен

ірі жүлдені алмай, ошақ басына қалдырып кетеді.

Дәстүршілдіктің негізін қалаған Рене Генон, Герман Вирт, Мирча Элиаде және т.б. ғалымдардың пікірлері бойынша, ілгерілікке тарих беттерінде таңбаланған көпшілік елдердің әскери жүйесінің іргесін тұрғызған әулет (бізше «сал-серілер», Еуропа халықтарында «рыцарьлар») бір кезеңдерде жойылып кеткен әлемдік патшалық жүйесінің әлеуметтік құрылымынан бастау алатынға ұқсайды.

Әскери ұлыстар, барған жерлеріне кірігіп, ассимиляцияға ұшырап кірігіп кетіп отырған сияқты. Жалпы Батыс Еуропа рыцарьлық тарихы тамплиер орденінің күйреуімен сабақтастырады. Ал Шығыс Еуропадағы серілердің тарихы ХІХ ғасырға ұласады. Белгілі дәстүршіл ғалым Роман Багдасаровтың пікірінше, бірде запорож казактары, бірде черкастар деп аталатын украин әскер жасақтары Польшаның, Осман империясының және Қырым хандығының соққысына шыдамай тоз-тоз болған әлдебір рыцарьлық орденнің қалдықтары [23].

Қазақтарда серілердің болмысы, орны кішкене өзгешелеу дейміз. Көшпелі тайпалардың дені жауынгер әулеттерден тарайтыны іспетті, қазақ әлеуметі, қазақ жұрты барлығы әскери ұлыс деуге келеді. Шыңғыс ханға дейінгі, және одан одан соңғы жаугершілік парасын зерделеген зерттеушілер көшпенділерге қатысты «әскер-халық» («народ-войско»), «мәңгі ел» («вечный народ» немесе «вечный народ – войско») деген терминдерді пайдаланады.

Ғалым С.Қондыбай Алтын Ордадан кейінгі қазақ тарихында профессионал әскери кісілер жасақтаған «Үш қиян» атты серілік орденінің болғандығын айтады. Ендеше қазақтың серілерінің шығу жолын былайша қарастыруға болады.

Орта Азия сопыларының басты пірі – Қожа Ахмет Яссауи. Яссауи түркілер тарихындағы көрнекті ақындардың бірі ғана емес, ол – түркі сопылық тариқатын қалыптастырушы, әрі түркі сопылық поэзиясының негізін салушы.

Осы Қожа Ахметтің көп шәкірттерінің бірі және ең қабілеттісі – Бекташ есімді

сопы болған. Қазақтың сал-серілерінің пірі – осы Бекташ. Осман империясының тарихында Қожа Ахмет пен Азиядан шыққан сопылардың есімі ерекше құрметпен аталады. Қазіргі Стамбул, бұрынғы Византияның астанасы Константинопольді жаулаған әскердің алдыңғы легі тұтастай Қожа Ахмет Яссауидің жаужүрек шәкірттері болды. Қазақтың сал-серілері соғысқа жеке шерік болып және сауытсыз, жанболатсыз шығатын болған. Әрине, профессионал әскери адамның қан майданға бұлай қамсыз шығуы күмәнді сауалдарға жетелеуі мүмкін. Бұндай сауалдарға жауап сал-серілердің, пидагер, құрбаншыл әскер екендігінде жатыр. Немесе, сал-серілер – өз еркімен тұтастай өлімге кесілген әскер. Бүкіл тарихы ат үстінде, қанкешу соғыс үстінде өткен елдің қатыгез әскери заңы. Оқырман, бұндай қатыгездік не үшін керек деуі мүмкін. Тұтас бір шерік әскердің жауға сауытсыз шабуы – қалған әскер үшін, ат жалын тартып мініп алғаш рет қан майданға шыққан көкорай шалғын жас ұрпақ үшін ерліктің теңдесі жоқ үлгісі, үлкен рухани және психологиялық көмек деп жауап беруге болады. Қол бастап тұрған кәрі батырлар «Әне, сал-серілер жауға сауыт кимей шапқанда, сауыт киіп темір құрсанған сен неден қорқасың?» деп қаннан шошынып тұрған жас ұландардың көңілін демдейді екен. Әрине, көп жағдайда сал-серілердің шерігі тұтастай қырылатын болған. Ал осы аяулы әскердің кездейсоқ тірі қалғандары болса, бейбіт кезде олар елдің еркесі саналған. Қазақта «аттың майы» немесе «аттың тері» деген ұғым бар. Біреудің атын мінуге алған адам, атты иесіне қайтарғанда «аттың майын» береді екен. Қазақта «аттың майы – бір тоқты», немесе «аттың майы – бір қозы» деген мақал да бар. «Қылыштың майы» да сол көне күндерден жеткен қасиетті ұғым. Ұрыстан әлдеқалай аман шыққан сері ел шетіне, алғашқы кездескен ауылдың сыртына келіп жығылады. Ауылдың адамдары аңырап жылап кеп үстіне түскенде, сері «Қылышымның майын бер» дейді. Бұл серінің «қылышымды қапысыз шауып, жаудың да қанын, өзімнің де қанымды аямай төктім, енді сол қылышымның өтеуін бер» деген назы екен. Бүкіл аймақ жиналып

серіні кілемге салып немесе жатқан жерінде үстіне отау тігіп, басына көтеріп ардақтайтын болған.

Қазақтың профессионал ән өнерін және аспаптық музыкасы – күй өнерін тудырған осы сал-серілер. Үнемі ажалдың өтінде жүретін адам – ерекше экзистенциалдық тәжірибе иесі. Ажал мен махаббат – амбивалентті құбылыстар. Сондықтан жорыққа аттанып бара жатқан сал-серілер болашақ қанды ұрысты емес, қарындастың назы менен қылығын жырлаған. Міне, көне күндерден жеткен жәдігер осылай баян етеді.

«Қазақ ордасы империяның теліміне түскеннен кейінгі жерде сал-серілер бұрынғы мәртебесінен айырылып басқа сапаға өтті. Қару-жарақ асынып жүруге тыйым салынды, сол себепті сал менен серілер қылыш пен найзаны қабырғаға іліп қойып, енді қолдарына домбыраны алып артистік богемаға айналды» – [22] деген пікір айтады зерттеуші Т. Әсемқұлов.

Этностық мәдени мұраларымыздың тарихында өзіндік суреткерлік болмысымен есімін таңбалаған сирек дарактың бірі – халық композиторлары ақын-жыршы, серілер сан қырлы өнер иелері. Олардың өмірбаяны турасындағы деректердің осы уақытқа дейін терең тексеріліп, ғылыми тұрғыдан жүйеленбей жатқаны белгілі. Сол кемшіліктің орны толықтырылуы тиіс.

4. Қорытынды.

Қазақтың қара өлеңі мен жыр-термесінің бүгінгі күн ұрпақтарына шашау шықпай жетуіне өзіндік ұшан-теңіз үлес қосқан,

ғасырларбойы ауыздан-ауызға көшіп сақталып келе жатқан рухани қазынамыз дәстүрлі әншілік-жыршылық үрдісті жалғастырған әнші-ақындардың, сал-серілердің музыкалық фольклорымызды насихаттаудағы еңбегі орасан зор екенін көрсеткіміз келеді. Көшпенді қазақ халқының фольклорлық мұрасы әлі күнге дейін зерттелмей жатқан құпия дүние деуге болады. Жазба-сызбасы жоқ, төрт түлік малының жайымен ойдан-қырға, жайлаудан-қыстаққа көшіп-қонып жүрген көшпенді халықтың, сонау көне дәуірлерден бері бабадан жалғасқан мұраны қаз қалпында сақтап, ауыздан-ауызға жеткізіп, ұрпақтан-ұрпаққа ұластыруының өзі бір керемет дүние.

Сал-серілер қашанда халықтың ойын-сауық өнерін жаңа көркемдік сипатта дамыта отырып, ұлт мүддесіне, халық игілігіне жаратты. Сұлулықты сүю, жан сұлулығын сезіну – сал-серілерге тән қасиет. Табиғатынан ерекше, текті өнер адамдарының сыртқы келбеті мен жан әлемінің кіршіксіз тазалығының үйлесуі заңды құбылыс. Жалпы адамзаттық құндылығы бар төлтума мәдениетімізді қалыптастыратын өнердің өміршеңдігі, жан-жақтылығы адамзат баласының қоғам мен тарихқа деген объективті көзқарасынан бастау алады.

Расында, сал-серілік өнердің басты сипаты – ұлттық рух, елдік сана, көркемдік таным.

Осы ретте сал-серілік өнердің күрделі табиғаты қандай екенін, олардың өлшеусіз керемет қасиеттерді бойына жинағанын, айтыскерлік, ойыншылық, әншілік, жылшылық, күйшілік, тапқырлық, шешендік қырларын мінсіз меңгергенін толық тануға болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ежелгі дүние авторларының шығармаларындағы Қазақстан тарихы. 2 томдық. 1-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2011. – 524 б.
- 2 Күзеубай А.Ұ. Қазақ әншілік дәстүрінің қазіргі заманда таралым мәселелері (Арқа өңірі бойынша): философия докторы (PhD) ... дис. – Алматы, 2016. – 149 б.
- 3 Мыңжани Н. Қазақтың қысқаша тарихы / Н. Мыңжани. – Алматы: Жалын, 1991. – 240 б.
- 4 Тұрсынов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері / Е. Тұрсынов. – Алматы: Ғылым, 1976. – 148-б.

- 5 Кекілбаев Ә. Маңғыстау: энциклопедия / Ә. Кекілбаев. – Алматы: Атамұра, 1997. – 384 б.
- 6 Ыбыраев Ш. Эпос әлемі Ш. Ыбыраев. – Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1997. – 14 б.
- 7 Тілепов Ж. Қазақ халқының хандық дәуір әдебиеті: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 216 б.
- 8 Пико Дж., Энтони К. Батыс философиясының жаңа тарихы, 2-том, Орта ғасыр философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы», 2018. – 400 б.
- 9 Құмарұлы Я. Бабадағы өрлік – ерлік пен серілік // Қазақ өркениеті. 2012. – № 1. – 32-38 б.
- 10 Марғұлан Ә. Күйді ерттеп, әнді мінген кемеңгерлер... Қазақтың сал, серілік дәстүрі // Жұлдыз. – 1983. – 174 б.
- 11 Марғұлан Ә. Қазақтың сал-серілік дәстүрі / Ә. Марғұлан. – Алматы: Алатау, 2007. – 432 б.
- 12 Спан Ә. Қабекеңнің қазынасы / Ә. Спан. – Алматы: Үшқиян, 2003. – 200 б.
- 13 Қашқари М. Түрік сөздігі. 1-том / М. Қашқари. – Алматы: Арда+7, 2017. – 592 б.
- 14 Мағауин М. Ғасырлар бедері: Әдеби зертеулер / М. Мағауин. – Алматы: Жазушы, 1991. – 258 б.
- 15 Трубадурлар. [Электрон. ресурс]. – 2021. – URL: <https://kk.wikipedia>. (қарастырылған күні: 17.11.2020).
- 16 Кенни Ә. Батыс философиясының жаңа тарихы, Қазіргі заман философиясының бастауы / Ә. Кенни. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019. – Т. 3. – 412 б.
- 17 Агамбен Д. Қастерлі адам. Әдебиет теориясы. Антология / Д. Агамбен. – Астана, 2019, Т. 3. – 440 б.
- 18 Есім Ғ. Фәлсапа тарихы / Ғ. Есім. – Алматы: «Раритет», 2004. – 304 б.
- 19 Сүлейменов О. Азия / О. Сүлейменов. – Алматы: Жазушы, 1992. – 296 б.
- 20 Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 419 б.
- 21 Геродот. Историки античности: Древняя Греция. – Москва: Правда, 1989. –Т.1. – 624 с.
- 22 Әсемқұлов Т. Қылышымның майын бер! [Электрон. ресурс]. – 2021. – URL: <http://otuken.kz/%d2%9b%d1%8b%d0%bb%d1%8b%d1%88%d1%8b%d0%bc%d0%bd%d1%8b%d2%a3-%d0%bc%d0%b0%d0%b9%d1%8b%d0%bd-%d0%b1%d0%b5%d1%80/>. <http://otuken.kz> (қарастырылған күні: 18.02.2022).
- 23 Дэвид Ю., Энтони К. Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том, Қазіргі заман философиясының бастауы / Ю. Дэвид, К. Энтони. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 412 б.

Ессентугел А. Ази^а, Самет Азап^б, Нурбол А. Садуакас^в

^аЕвразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

^бУниверситет Кастамону, Кастамону, Турция

^вАктюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актюбе, Казахстан

Народно-религиозные взгляды кочевых «сал-сері»

Аннотация. В истории культурного наследия кочевников, в том числе культуры казахского народа, большое значение имеет традиция «серилик». Сал и сери - это люди искусства, придерживающиеся традиций, обладающие человеческой ценностью, обладающие богатым познавательным, воспитательным наследием, это духовный облик казахской степи.

В статье на основе историко-культурных, литературных данных рассматривается творчество казахских сал и сери, объединивших в себе многообразие искусств в истории национальной культуры, искусства слова, мастерски и безупречно владеющих поэтичностью, певчеством, композиторством, импровизаторством, ораторством.

Философски описаны научная и творческая деятельность мастеров слова в истории национальной литературы, языковой культуры, системы художественного мышления, национального духа и сознания, национальных и духовных ценностей.

Большая часть духовной культуры казахского народа была репрессирована и запрещена, а имена многих выдающихся деятелей, продолжателей культуры и культурных традиций были забыты. Их возвращение к народу, их вмешательство в культурную жизнь порождает необходимость целостного осмысления созданных ими вечных духовных ценностей, что имеет все основания занять свое достойное место в общечеловеческой культуре.

Огромную роль в общественно-политической и духовной жизни казахов XV-XIX веков сыграли представители устной поэзии – поэты, жырау, сал и сери. Сал и сери через свое творчество аккумулируют повторение опыта предыдущих поколений и являются связующим началом духовного опыта народа.

Сал и сери как общественные деятели, волнующиеся за будущее народа, стали врагами для всех властей – как для богачей, так и для колонистов. Они по-новому выразили в своих произведениях прогрессивные настроения, нравственно-этические, социокультурные, философско-исторические идеи и знания и служили защитниками интересов народа.

Если художественное наследие сал и сери – особый вид творчества, то их образ является ярким отражением национального менталитета.

Ключевые слова: казахская культура; кочевники; серилик; сал и сери; казахское мировоззрение; традиция; певец; поэт.

Essentugel A. Azi^a, Samet Azap^b, Nurbol A. Saduakas^c

^aL.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

^bKastamonu University, Kastamonu, Turkey

^cK. Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, Kazakhstan

Folk-religious views of nomadic «Sal-seri»

Abstract. The «serilik» tradition is of great importance in the history of the cultural heritage of nomads, including the culture of the Kazakh people. «Sal-seriler» is the spiritual image of the Kazakh Steppe, which adheres to the traditions, has a universal human value, is rich in educational and educational heritage.

The article considers the work of the Kazakh «Sal-Seri», which combines a wide variety of Arts in the history of the culture of the nation, the art of speech, that is, the art of poetry, singing, composition, improvisation, eloquence and eloquence on the basis of historical, cultural and literary sources.

The scientific and creative work of the Masters of the word in the history of national literature, the culture of language, the system of artistic thinking, the national spirit and consciousness, and the national and spiritual values are presented philosophically.

Most of the spiritual culture of the Kazakh people was repressed, banned, and the names of many prominent figures, cultists and followers of cultural traditions were forgotten. Their return to the people, their involvement in cultural life creates the need for a holistic understanding of the eternal spiritual values created by them, which has every reason to take its rightful place in universal culture.

A huge role in the socio-political and spiritual life of Kazakhs of the XV-XIX centuries was played by representatives of oral poetry – poets, zhyrau, sal and seri. «Sal and Seri» through his work is a connecting beginning of the spiritual experience of the people, accumulating a repetition of the experience of previous generations.

As a public figure, «Sal and seri», worried about the future, became enemies to all the authorities – both their rich and their colonialists. «Sal-seri», which expressed a progressive mood, reflected moral, ethical, socio-cultural, philosophical and historical ideas and knowledge in a new way in their works, served as defenders of the interests of the people.

If the artistic heritage of «Sal-Seri» is a special type of creativity, then their image is a vivid reflection of the national mentality.

Keywords: Kazakh culture; nomads; seri; sal-seri; Kazakh worldview; traditions; singer; poet.

References

- 1 Ezhelgi dunie avtorlarynyn shygarmalaryndagy Kazakhstan tarihy. 2 tomdyk [History of Kazakhstan in the works of authors of the ancient world], (El-shezhire, Almaty, 2011, Vol.1, 524 p.), [in Kazakh].
- 2 Kuzeubaj A.U. Kazakh anshilik dasturinin kazirgi zamanda taralym maseleleri (Arka oniri bojynsha): filosofija doktory (PhD) ... dis. [Problems of modern distribution of the Kazakh singing tradition (in the Arka region): Doctor of Philosophy (PhD) ... dis.] Almaty, 2016. P. 149, [in Kazakh].

- 3 Mynzhani N. Kazaktyn kyskasha tarihy [A brief history of the Kazakhs]. (Zhalyn, Almaty, 1991, 240 p.), [in Kazakh].
- 4 Tursynov E. Kazak auyz adebietin zhasaushylardyn bajyrgy okilderi [A brief history of the Kazakhstan]. (Gylym, Almaty, 1976, 148-p.), [in Kazakh].
- 5 Kekilbaev A. Mangystau: jenciklopedija [Mangystau: encyclopedia]. (Atamura, Almaty, 1997, 384 p.), [in Kazakh].
- 6 Ybyraev Sh. Jepos alemi [World of Epos]. (Kazak un-ti baspasy, Almaty, 1997, 14 p.), [in Kazakh].
- 7 Tilepov Zh. Kazak halkynyn handyk dauir adebieti: oku kuraly [Literature of the Kazakh people's khanate: textbook]. (Kazak universiteti, Almaty, 2013, 216 p.), [in Kazakh].
- 8 Piko Dzh., Jentoni K. Batys filosofijasynyn zhana tarihy, 2-tom, Orta gasyr filosofijasy [New History of Western Philosophy, Medieval Philosophy]. («Ultyk audarma bjurosy», Almaty, 2018, Vol. 2, 400 p.), [in Kazakh].
- 9 Kumaruly Ja. babadagy orlik – erlik pen serilik . Kazak orkenieti [The heroism of the ancestor is courage and horsemanship]. 2012. No.1. P. 32-38, [in Kazakh].
- 10 Margulan A. Kujdi erttep, andi mingen kemengerler... Kazaktyn sal, serilik dasturi. Zhuldyz [The geniuses who rode and sang ... Kazakh tradition of paralysis and horsemanship. Zhuldyz]. 1983. P. 174, [in Kazakh].
- 11 Margulan A. Kazaktyn sal-serilik dasturi [Kazakh tradition of sal-seri]. (Alatau, Almaty, 2007, 432 p.), [in Kazakh].
- 12 Span A. Kabekennin kazynasy [Kabeken's treasure]. (Ushkijan, Almaty, 2003, 200 p.), [in Kazakh].
- 13 Kashkari M. Turik sozdigi [Turkish dictionary]. (Arda+7, Almaty, Vol. 1, 2017, 592 p.), [in Kazakh].
- 14 Magauin M. Gasyrlar bederi: adebi zerteuler [Relief of centuries: Literary research]. (Zhazushy, Almaty, 1991, 258 p.), [in Kazakh].
- 15 Trubadurlar [Trubadurs]. Available at: <https://kk.wikipedia.org/>. [in Kazakh], (accessed 17.11.2020).
- 16 Kenni Je. Batys filosofijasynyn zhana tarihy, 3-tom, Kazirgi zaman filosofijasynyn bastaury [New history of Western philosophy, the beginning of modern philosophy]. (Ultyk audarma bjurosy, Almaty, 2019, 412 p.), [in Kazakh].
- 17 Agamben D. Kasterli adam Adebiet teorijasy. Antologija [A man of reverence. Literary theory. Anthology]. (Astana, 2019, Vol. 3, 440 p.), [in Kazakh].
- 18 Esim G. Falsapa tarihy. («Raritet», Almaty, 2004, 304 p.), [in Kazakh].
- 19 Sulejmenov O. Azija [Asia]. (Zhazushy, Almaty, 1992, 296 p.), [in Kazakh].
- 20 Al-Farabi. Aleumettik-jetikalyk traktattar. (Gylym, Almaty, 1975, 419 p.), [in Kazakh].
- 21 Gerodot. Istoriki antichnosti: Drevnjaja Grecija [History of antiquity: Ancient Greece]. (Pravda, Moscow, 1989, Vol.1, 624 p.), [in Kazakh].
- 22 Asemkulov T. Kylyshymyn majyn ber! [Give me the oil of my sword], Available at: <http://otuken.kz/%d2%9b%d1%8b%d0%bb%d1%8b%d1%88%d1%8b%d0%bc%d0%bd%d1%8b%d2%a3-%d0%bc%d0%b0%d0%b9%d1%8b%d0%bd-%d0%b1%d0%b5%d1%80/>. <http://otuken.kz/>. [in Kazakh], (accessed 18.02.2022).
- 23 Djevid Ju., Jentoni K. Batys filosofijasynyn zhana tarihy, Kazirgi zaman filosofijasynyn bastaury [New History of Western Philosophy, The Beginnings of Modern Philosophy]. (Ultyk audarma bjurosy, Almaty, 2019, Vol. 3, 412 p.), [in Kazakh].

Авторлар туралы мәлімет:

Ази Есентүгел Аманкелдіұлы – Ph.D. докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Самет Азан – доцент, Кастамону университетін, Кастамону, Түркия.

Садуакас Нурбол Абдуллаұлы – ф.ғ.к., доцент, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан.

Azi Yessentugel Amankeldievich – Ph.D. student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Samet Azap – Associate Professor, Kastamonu University, Kastamonu, Turkey.

Saduakas Nurbol Abdullaevich – Candidate of Philology, Associate Professor, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan.